



Қазақстан қор биржасы  
Казахстанская фондовая биржа  
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы  
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж  
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 11 желтоқсаны

### Акционерлер KASE Директорлар кеңесінің құрамын кеңейтті

Қазақстан қор биржасы (KASE немесе Биржа), биржа акционерлерінің 2020 жылдың 11 желтоқсанындағы кезектен тыс жиналысының шешімімен Биржаның Директорлар кеңесінің сандық құрамы 9 адамнан 10 адамға дейін көбейді.

Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі ретінде жахандық нарықтың атқарушы директоры Clearstream (Люксембург) – Ян Виллемс Биржаның тәуелсіз директоры болып сайланды.

"Мәскеу Биржасы ММВБ-РТС" БАҚ үлесін KASE капиталында арттыруды жоспарлауға байланысты және Биржаның ірі акционері мәртебесін алғына байланысты, тәуелсіз директор Марич Игорь Леонидович (Басқарма мүшесі – "Мәскеу Биржасы ММВБ-РТС" БАҚ сату және бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры Директорлар кеңесінің мүшесі (акционердің өкілі ретінде) болып қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Ян Виллиемс пен Директорлар кеңесінің мүшесі Марич Игорь Леонидовичтің өкілеттік мерзімі Биржаның Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің мерзімімен бірге аяқталады.

KASE акционерлерінің 2020 жылдың 11 желтоқсанындағы кезектен тыс жиналысының шешімін ескере отырып, Директорлар кеңесінің құрамы:

- Директорлар кеңесінің үш сайланбайтын мүшесі (Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 84 бабы 4 тармағы негізінде қаржы нарығын және қаржы үйімдарын реттеу, бақылау және қадағалау уәкілетті органы және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен өкілі және Биржа Жарғысының 17 бабы 3-тармағы 2) тармақшасы негізінде Биржа Басқармасының Төрағасы (лауазымы бойынша);
- Биржа акционерлерінің мүдделерінің төрт өкілі;
- Биржаның үш тәуелсіз директоры.

Ян Виллемстың Clearstream-те (Люксембург) 19 жылдық жұмыс тәжірибесі бар. 2018 жылға дейін нарықты дамыту жөніндегі вице-президенті және 2013 жылға дейін ТМД және Нидерланд елдері бойынша бөлімшелерінің вице-президенті қызметін атқарды. Бұрын Deutsche Bank (Шотландия), BISYS Fund Services (Ирландия) және Euroclear Bank (Бельгия) жұмыс істеген.

Биржаның Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамы KASE интернет-сайтында адресу [http://www.kase.kz/ru/kase\\_management](http://www.kase.kz/ru/kase_management).мекен-жайында жарияланған.

### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ түнди қаржы құралдар үшін өмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастырының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.